

Байғанин аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы» Заңының 7-бабына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 27-бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Байғанин аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. «Байғанин аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Байғанин аудандық Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3) осы шешімді Байғанин аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың
2018 жылғы _____
№ __ шешіміне қосымша

Байғанин аудандық мәслихатының күші жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1) Байғанин аудандық мәслихатының «Базалық салық ставкаларын түзету туралы» 2009 жылғы 24 сәуірдегі №83 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-4-73 болып тіркелген, 2009 жылғы 11 маусымда «Жем-Сағыз» газетінде жарияланған) шешімі;

2) Байғанин аудандық мәслихатының «Тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы» 2010 жылғы 5 ақпандағы №129 (нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-4-94 болып тіркелген, 2010 жылғы 12 наурызда «Жем-Сағыз» газетінде жарияланған) шешімі;

3) Байғанин аудандық мәслихатының «Байғанин ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы» 2016 жылғы 12 сәуірдегі №10 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4870 болып тіркелген, 2016 жылғы 26 мамырда «Жем-Сағыз» газетінде жарияланған) шешімі;

4) Байғанин аудандық мәслихатының «Байғанин аудандық мәслихатының 2016 жылғы 12 сәуірдегі №10 «Байғанин ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы» 2016 жылғы 23 желтоқсандағы №52 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5206 болып тіркелген, 2017 жылғы 19 қаңтарда «Жем-Сағыз» газетінде жарияланған) шешімі;

5) Байғанин аудандық мәслихатының «Байғанин аудандық мәслихатының 2009 жылғы 24 сәуірдегі №83 «Базалық салық ставкаларын түзету туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» 2017 жылғы 15 наурыздағы №63 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5411 болып тіркелген, 2017 жылғы 20 сәуірде «Жем-Сағыз» газетінде жарияланған) шешімі